ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ

ПАВЛОДАРСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МАСЛИХАТ

БҰЙРЫҚ

2026ж. 14.09. №17

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 17 от 14.09.2026г.

город Павлодар

«Павлодар облысы мәслихатының аппараты» ММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Павлодар облысы мәслихатының аппараты» ММ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілсін:

1) «Павлодар облысы мәслихатының аппараты» ММ қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) «Павлодар облысы мәслихатының аппараты» ММ ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Майкенов Алимжан Амангельдинович – облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары;

Ишимцева Ирина Юрьевна – облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы;

Сапариева Ферізат Байсултановна – облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы;

Смакова Ботагоз Джамбуловна – облыстық мәслихат аппаратының бас инспекторы.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 31 тамызға дейін.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі 2026 жылғы 14 қыркүйектен 2026 жылғы 9 қазанға дейін.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге басшылық ету, үйлестіру және жұмыс нәтижелеріне жауапкершілік облыстық мәслихат аппараты басшысының орынбасары А.А. Майкеновке жүктелсін.

Облыстық мәслихат
аппаратының басшысы **А. Кусаинова**